


№27 И.Тайманов атындағы орта мектебі
2025 – 2026 оқу жылы бойынша
Тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалу есебі

Ұлы ойшыл, кемеңгер ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған “Адамзаттың Абайы” атты челлендж бастау алды.

Челлендж аясында оқушылар ұлы ойшылдың өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқып, Абай мұрасын дәріптеуге өз үлестерін қосуда.

Челлендж мақсаты – Абайдың өнегелі өмірі мен өшпес мұрасын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті ояту.

<https://www.facebook.com/share/v/1EXPpeRGMd/?mibextid=wwXIfr>



Мектебімізде ”Мектебiм - мейiрiм мекенi” республикалық интервью-челлендж ұйымдастырылды.


Челленджтің тақырыбы:

2–4 сынып: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері»

5–8 сынып: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты»

9–11 сынып: «Арманым мен мақсатым»

<https://www.facebook.com/share/v/1BVuFJak9J/?mibextid=wwXIfr>



01.09.2025 ж. күні мектебімізде 2025-2026 оқу жылына арналған "Мектебім - мейірім мекені!" тақырыбында 1-қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты іс - шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен басталды. Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Мукашева Гулфани Шакуовна сөз алып мерекелік іс - шараны ашып, мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндерді, мектеп оқушыларын, ұлағатты ұстаздарымызды құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Салтанатты шараның мақсаты: жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

<https://www.facebook.com/share/v/1Az1QdxEba/?mibextid=wwXlfr>



02.09.2025 ж. күні мектебімізде 1-11 сынып оқушылары үшін «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Бұл шараның мақсаты – жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру, білім алушылардың білімге деген ынтасын арттырып, патриотизмге, еңбекқорлыққа, жауапкершілік пен өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/15rdHeHBWq/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылғы 2 қыркүйек күні жаңа оқу жылының алғашқы аптасында мектебіміздің 8–9 сынып оқушыларына жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараға жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Д.Доскалиева және ӘПБ бастығының орынбасары Н.Сарсенбаев қатысып, оқушыларға құқықтық жауапкершілік, тәртіп сақтау, киберқауіпсіздік, сондай-ақ әлеуметтік желідегі қауіп-қатерлер туралы маңызды ақпараттармен бөлісті.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды құрметтеуге баулу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1FFNi8tYgQ/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 9 қыркүйек күні Халықаралық суицидті алдын алу күніне орай Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының психологы, облыстық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс суицидологы Карсакбаева Венера Естаевна мектебіміздің педагогтеріне “Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу” тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/17ihzjaCag/?mibextid=wwXIfr>



Атырау қаласы білім бөлімі, облыстық білім беру басқармасының №06-01-06-02-46-40-70 санды хатына сәйкес, 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылған Ашық есік күніне мектебіміздің 9-сынып оқушылары арасынан 25 оқушы "Отбасы" шаруа қожалығына экскурсияға қатысты.

Шара барысында оқушыларға жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы таныстырылып, еңбекке баулу, өмір қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: 9-сынып оқушыларына еңбек бағытын таныстыру, жұмысшы мамандықтарының қыр-сырын үйрету, өмірлік жол таңдауға бағыт беру.

<https://www.facebook.com/share/v/1Bijs2U9hq/?mibextid=wwXlfr>



8 қыркүйек - Отбасы күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларға отбасының маңызын ұғындыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-анаға құрмет, бауырмалдық, сүйіспеншілік секілді қасиеттерді қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1BJTt43xpo/?mibextid=wwXlfr>



- 8 қыркүйек Отбасы күніне орай апталықтың іс-шара жоспарына сәйкес
- 1-2 сыныптар арасында: “Менің отбасым - менің байлығым” атты бейнеролик байқауы;
 - 5-6 сыныптар арасында: “1 күн - 1 отбасы” видеожобасы ұйымдастырылды.


Мақсаты:

Оқушыларды отбасы құндылықтарын қадірлеуге, ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу;
Шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы туралы ой бөлісуге мүмкіндік беру.

Байқауға сынып оқушылары белсенді қатысып, мазмұнды әрі жүрекке жылы бейнероликтер ұсынды.

Оқушылар өз отбасылары туралы мақтанышпен баяндап, отбасылық сүйіспеншілік пен бірліктің маңызын көрсете білді. Байқауға қатысқан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.


<https://www.facebook.com/share/v/1BaoLgFxFJZ/?mibextid=wwXIf>



2025 жылдың 12 қыркүйегі күні мектебімізде Отбасы күніне орай 1-сыныптардың ата-аналарының қатысуымен “Білім мен тәрбие отбасынан басталады” тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Бала тәрбиесі мен тұлғалық дамуының негізі – отбасы екенін ұғындыру. Ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс пен өзара түсіністікті нығайту. Іс-шара барысында ата-аналармен психологиялық тренингтер, ашық диалог, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді. Бала тәрбиесіне қатысты тиімді әдістер мен көзқарастар талқыланды. Шара жылы жүзді, белсенді атмосферада өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1GCJ3ABSkv/?mibextid=wwXIf>




8 қыркүйек – Отбасы күніне орай апталық аясында 3-4 сынып оқушылары арасында “Отбасы – бақыт мекені” атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Оқушылар өз қиялдары мен жүрек жылуын қағаз бетіне түсіріп, отбасының маңыздылығын, жылуын, мейірімін бейнелеуге тырысты.

Әр сурет – кішкентай жүректен шыққан үлкен махаббаттың көрінісі болды.

Көрмеге белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/19W5BQsruh/?mibextid=wwXIf>



16.09.2025 ж.

Жаттығу денсаулық кепілі! Әр аптаның сейсенбі күні жаттығу жасалады.

Жаттығудың мақсаты: Оқушылардың денсаулығын нығайту, Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Бұл күні бойы сергек әрі белсенді болуға көмектеседі.

Жаттығу 10-15 минут аралығында өткізіліп, қарапайым қимылдардан басталады.

<https://www.facebook.com/share/v/19tqEjuSA/?mibextid=wwXIf>



Аналар күніне орай "Анаға тағзым – анаға құрмет" атты бейнебайқау ұйымдастырылуда.

Бұл байқау аясында оқушылар аналарға деген сүйіспеншілігі мен алғысын жүрекжарды тілектер, бейнероликтер арқылы жеткізді.

Анаға деген құрмет – тәрбие мен адамгершіліктің бастауы!

<https://www.facebook.com/share/v/17VLrfVufn/?mibextid=wwXIfr>



«Менің мектебiм буллингке қарсы» флешмобы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №01-02/474 хаты негізінде және Атырау облысы Білім беру басқармасының тапсырмасына сәйкес мектебімізде «Менің мектебiм буллингке қарсы» атты республикалық флешмоб ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – оқушылар мен педагогтердің антибуллингтік санасын қалыптастыру, мектеп қауымдастығы ішінде бірлік пен өзара әрекеттестікті нығайту.

<https://www.facebook.com/share/v/1FnNPY3zTn/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 17-18 қыркүйек күндері мектебімізде барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстыру, мектеп пен ата-ана байланысын нығайту, тәрбие мен білім беру ісінде өзара бірлесіп жұмыс жасау.

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылындағы өзгерістер, мектептің ішкі тәртібі мен мектеп формасы талаптары
2. “Мейірімділік пен махаббат иесі – Ана” тақырыбында тренинг
3. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау
4. Ағымдағы мәселелерді талқылау

Ата-аналар белсенділік танытып, бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікпен қарайтындықтарын көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/14MrwdqU3PE/?mibextid=wwXIfr>



Аналар күніне орай 6–8 сынып оқушылары арасында "Ана – өмір шуағы" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеде оқушылар өз туындылары арқылы ананың мейірімі мен отбасы жылуын бейнелеп, шығармашылық қабілеттерін таныта білді. Жылы бояулармен салынған суреттер – әр баланың жүрекжарды сүйіспеншілігінің көрінісі. Үздік жұмыстар марапатталып, мектептің көрме бұрышында көпшілік назарына ұсынылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1FCLxYtE9B/?mibextid=wwXIfr>



“Мен үйде көмектесемін” бейнеролик байқауы

Еңбек күніне арналған апталық жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушылары арасында "Мен үйде көмектесемін" атты бейнеролик байқауы ұйымдастырылды. Байқауға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Мақсаты — оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, отбасындағы жауапкершілік пен тәртіпке баулу. Отбасына көмектесіп, үй шаруасына белсене араласатын жас жеткіншектердің үлгілі істері бейнеролик арқылы көрсетіледі.

Үздік видеолар марапатталады.

<https://www.facebook.com/share/v/17Jmgot49G/?mibextid=wwXlfr>



Еңбек күніне арналған апталық жоспарына сәйкес “Таза сынып – жайлы орта” тазалық байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан сыныптар марапатталды.

Мақсаты – оқушыларға ұқыптылық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, мектеп мүлкін күтіп ұстауға тәрбиелеу. Жас ұрпақ тазалық пен тәртіпті ұстанған ортада өсіп-жетіледі.


<https://www.facebook.com/share/v/1ALWedGoX3/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 24 қыркүйек күні мектебіміздің 5-сынып ата-аналарының қатысуымен “Ата ананың қолдауы- баланың сенімді қадамы” тақырыбында психологиялық тренинг өтті.

Мақсаты: Оқушының орта буынға бейімделу кезеңінде ата-ананың психологиялық және эмоционалдық қолдауының маңызын түсіндіру. Ата-аналарға баланың ішкі күйін түсіну, сенімді қарым-қатынас орнату, мотивация беру және қиындықты бірге еңсеру жолдарын ұсыну арқылы, баланың мектепке деген қызығушылығын арттыру мен өзін-өзі бағалауына оң әсер ету.

<https://www.facebook.com/share/v/19wcWYDbPB/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 25 қыркүйек күні ата-аналар комитеті мүшелерінің қатысуымен “Тәрбие – тал бесіктен” атты мазмұнды кездесу өтті.

Мақсаты: бала тәрбиесінде мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын арттыру, тәрбиенің негізі – отбасынан басталатынын терең түсіндіру.

Шара барысында ата-аналар баланың эмоционалдық дамуы, жауапкершілік, тәртіп және отбасы құндылықтары жайында ой бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/17mANSPoqZ/?mibextid=wwXlfr>




«Ақпараттық ортадағы қауіпсіздік» тақырыбындағы іс-шара туралы

2025 жылдың 23 қыркүйек күні мектебіміздің барлық сыныптарында «Ақпараттық ортадағы қауіпсіздік» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері, жеке деректерді қорғау, бейтаныс сілтемелер мен алаяқтық әрекеттерден сақтану жолдары түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/v/16MmCA9gMb/?mibextid=wwXIf>




«Ұстазыңды құттықта!» челленджі

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстазыңды құттықта!» челленджі ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан сыныптар, жекелеген оқушылар марапатталды.

Челлендждің мақсаты - оқушылардың ұстазға деген алғысы мен құрметін шығармашылық форматта жеткізу.

<https://www.facebook.com/share/v/1CvtZBVQZr/?mibextid=wwXIf>



1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай Атырау облыстық мүгедектерді сауықтыру орталығында мектебіміздің кітапханашылары және педагог-ұйымдастырушы А.Иманғалиева ұйымдастыруымен «Қарттарын қадірлеген – ел ардақты» атты мерекелік кеш өтті.

Мақсаты: Оқушылар бойына халқымыздың асыл қасиеттерін – үлкенді сыйлау, инабаттылық, жақсы мен жаманды ажырата білу, аталы сөзден ғибрат алу секілді тәрбиелік құндылықтарды сіңіру. Кеш соңында орталық басшысы Г. Бижанова мектеп ұжымына ризашылығын білдіріп, өнерпаз оқушыларды Алғыс хатпен марапаттады.

<https://www.facebook.com/share/p/1Cno3PnHnC/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 1 қазаны күні Қалалық білім бөлімі, Облыстық білім беру басқармасы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Облыстық полиция департаментімен бірлескен «Бірыңғай құқықтық сағат» онлайн форматта ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң алдындағы жауапкершілік пен құқықтық мәдениет қалыптастыру. Шара барысында құқық қорғау органдарының өкілдері жасөспірімдерге арнап заң талаптары, құқық бұзушылықтың салдары, киберқауіпсіздік және өз құқықтарын білу жөнінде маңызды ақпараттармен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/17F9wFZRD2/?mibextid=wwXIfr>




Ұстаздар мерекесі – тек құрмет күні емес, шабыт пен шексіз алғыс мерекесі!
Осыған орай мектебіміздің жас маман ұстаздары «Жанға жарық сыйлар шамшырақ –
Ұстаз» атты ерекше форматтағы мерекелік кеш ұйымдастырды.

Кеш барысында жылы сөздер, жүрекжарды лебіздер мен әсерлі көріністер көпшілік
көңілінен шықты.

Өнер мен креатив ұштасқан сәттер – ұстаздарға арналған шынайы тарту болды.

Ұстаздар мерекесіне орай мектебіміздің ұстаздары білім беру саласына қосқан елеулі
үлесі мен табысты еңбектері үшін марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/17bpeGo8zp/?mibextid=wwXIfr>



Білім алушылардың ұстазға деген құрметі мен сүйіспеншіліктерін арттыру, ұстаз
еңбегінің маңызын ұғындыру мақсатында мектебімізде "Даналық ұстаздан" челленджі
ұйымдастырылды.

Челлендж аясында оқушылар жүрекке жылы, мағынасы терең "Ұстазым" әнін шырқап,
аяулы ұстаздарға өз алғыстарын білдірді.

<https://www.facebook.com/share/v/17dKqKEtXu/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 29 қыркүйек – 3 қазан аралығында өткен Ұстаздар күніне арналған апталық аясында мектебіміздің оқушылары ұстаздарды жылы жүзбен күтіп алып, ерекше көңіл күй мен мерекелік атмосфера сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/v/1EVWogrfgA/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 9 қазан күні Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның 2025 жылғы 5 қыркүйектегі №01-08/00-2962 санды қатынас хаты негізінде микробқа қарсы төзімділік – микробтардың антибиотиктердің төзімділігі – әлем халқының денсаулығына төнген 10 жаһандық қатердің бірі болып табылады. Микробқа қарсы препараттарды қате қолдану және шамадан тыс пайдалану салдарынан емдеу қиынға соғып жатқандығы туралы видеороликтерді сынып жетекшілері арқылы ата – аналардың чаттарына таратылып, ақпарат берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/14LwtnPyDUZ/?mibextid=wwXlfr>



Еңбек күніне орай мектебіміздің кіші қызметкерлеріне арналған "Еңбегі ерен – ел тірегі" атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Бұл шара – көзге көрінбейтін, бірақ мектеп тынысын қалыптастырып отырған жандардың еңбегіне деген шынайы алғыс пен құрметтің белгісі.


Күн сайын мектептің тазалығы мен тәртібіне үлес қосып жүрген қызметкерлерге оқушылар мен ұстаздар ыстық лебіздерін білдіріп, концерттік бағдарлама ұсынды.

<https://www.facebook.com/share/r/1A2tZ2BY1p/?mibextid=wwXlfr>




«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қоғамдық мүлікті қорға!» тақырыбында сыныптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға «вандализм» ұғымын түсіндіру, қоғамдық мүлікке ұқыпты қараудың маңыздылығын жеткізу, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру және жауапкершілікке, адалдыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/17H9RLTEAR/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 15 қазан күні мектебімізде «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушыларды интернеттегі қауіптермен таныстыру. Цифрлық қауіпсіздік ережелерін меңгерту. Жауапкершілік пен саналы интернет қолдануға тәрбиелеу. Өз әрекеттері үшін жауап беруді үйрету.

<https://www.facebook.com/share/v/1HxVAYAgW1/?mibextid=wwXIfr>



Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және азаматтарды алаяқтық әрекеттерден сақтандыру мақсатында мектебіміздің ұстаздары мен 9–11 сынып оқушылары арасында «Қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында онлайн тест-диктант өткізілді.

Тестілеу арнайы <https://amlacademy.kz/finiq> платформасында немесе QR-код арқылы онлайн форматта жүргізіледі.

<https://www.facebook.com/share/p/17HJphYfKe/?mibextid=wwXIfr>



Мектебімізде “Исатай жастары” дебат клубының алғашқы жиналысы өтті.

Мақсаты – оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, ой еркіндігін қалыптастыру және пікірталас мәдениетін үйрету.

Жиналыс барысында клубтың жұмыс жоспары таныстырылды.

Қызықты пікірталас сұрақтары талқыланып, командаларға бөліну жүргізілді.

Белсенділік танытқан оқушылар клуб құрамына қабылданып, алдағы дебат турнирлеріне дайындықты бастады.

<https://www.facebook.com/share/p/1BYs5j8K3F/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан – Республика күніне орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты онлайн мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылуда.

Мақсаты: Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, поэзияға қызығушылығын дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/r/1CsBSn29jn/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан - Республика күніне орай апталық іс – шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 21 қыркүйек күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен 6-сынып оқушыларының арасында «Менің Отаным –Тәуелсіз Қазақстан!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/19CJkqHwam/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 21 қазан күні мектебімізде «Желідегі қауіпсіздік» атты флешмобы ұйымдастырылды.

Флешмобтың мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің цифрлық, физикалық және психологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жауапты әрі саналы көзқарасын қалыптастыру, интернет кеңістігінде және күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту, сондай-ақ бала-жасөспірім ортасында достық, сенім және өзара көмектесу құндылықтарын нығайту.

<https://www.facebook.com/share/r/1BxyqKXk9G/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан - Республика күніне орай барлық сыныптарда «Тәуелсіз елдің тірегі – Республика» атты сынып сағаттары өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына патриоттық рух пен ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру, елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеу болды.

<https://www.facebook.com/share/v/14RcLtqxosc/?mibextid=wwXIfr>



Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында "Мектеп парламент" білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мектебімізде мектеп парламент президенті сайлауы өтті.

Сайлау қорытындысы бойынша:

1. Сансызбай Диана - 133 ұпай
2. Салауат Анар - 21 ұпай
3. Кашкенова Мерей - 63 ұпай

Дауыс беру нәтижесінде 9 "А" сынып оқушысы Сансызбай Диана мектеп парламентінің президенті болып сайланды.

<https://www.facebook.com/share/r/19iV2ew7qG/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан – Республика күніне орай мектебімізде «Республика – ел тұғыры» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, ел бірлігі мен тұтастығын дәріптеу болды.

Шараның шымалдығы ҚР Мемлекеттік Гимні орындаумен ашылып, жас ұрпақтың жүрегіндегі еліне деген сүйіспеншілігі мен құрметі ерекше сезілді.

Мерекелік шарада қазақы ұлттық билер, домбырадан төгілген күй мен жүрек тебіренткен патриоттық әндер шырқалып, оқушылар өнерімен көпшілікті тәнті етті.

<https://www.facebook.com/share/p/17KEgYjA5R/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан – Республика күні мерекесіне орай №10 С.Мұқанов және №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің 9-10-11 сынып оқушылары арасында «QazaqQuiz: Тарих. Тұлға. Таным» атты зияткерлік сайыс өтті.

Сайыстың мақсаты:

- Оқушылардың Қазақстан тарихына, ел дамуына үлес қосқан тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын арттыру;
- Ұлттық сана мен патриоттық рухты қалыптастыру;
- Танымдық сайыс арқылы білімді шыңдап, зияткерлік қабілеттерін дамыту;
- Республика күні мерекесінің тарихи маңызын ұғындыру және елжандылыққа тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар өз білімдерін ортаға салып, тарихи тұлғалар мен еліміздің даму жолына қатысты сұрақтарға жауап беріп, өздерінің отансүйгіштік қасиеттерін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша мектебіміздің 9-10 сынып оқушылары «Исатай жастары» атауымен қатысып, ІІІ орынға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/v/17Ce7ZVWC4/?mibextid=wwXIfr>



25 қазан – Республика күні мерекесіне орай мектебімізде «Менің елім – бейбіт ел!» атты макет және сурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты – оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, ел тарихына, мәдениетіне деген құрметті шығармашылық арқылы жеткізу.

<https://www.facebook.com/share/v/16CxesY8KZ/?mibextid=wwXIf>



2025 жылдың 6 қараша күні мектебімізде ата-аналар комитеті мүшелерінің қатысуымен “Балалардың табысты дамуы үшін ата-ана мен мектептің бірлігі” атты мазмұнды кездесу өтті.

Кездесуді мектебіміздің жаңа басшысы Р.Н.Бердигалиев ашып, өзін таныстырып, ата-аналармен ашық әрі шынайы диалог орнатты.

"Кел, танысайық!" тренингі, "Менің дағдыларым", "Мен және менің үйім" топтық тапсырмалары мен "Ата-ана бала рөлінде" әдісі ұйымдастырылды.

Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, белсенді қатысып, баланың дамуына ортақ үлес қосуға ниетті екендерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/r/16eXS3UevS/?mibextid=wwXlfr>



Білім беру саласында өзіндік із қалдырған ұлағатты ұстаз, білікті маман, мектебіміздің дене шынықтыру пәні мұғалімі Тнысов Қайрат Орынбасарұлын еске алуға арналған кіші аяқ добынан ашық турнирі ұйымдастырылды.

Турнирде №27 И.Тайманов атындағы орта мектеп және №24 орта мектеп арасында футбол спортынан жолдастық ойын ойнады.

Турнир қорытындысы:

I орын – №27 И.Тайманов атындағы орта мектеп

II орын – №24 орта мектеп

Жекелей номинация иегерлері:

"Үздік қорғаушы" – Қасым Мухаммад (11 "А")

"Үздік ойыншы" – Нух Манас (9 "Б")

"Үздік шабуылшы" – Сапуов Гали (9 "В")

"Үздік қақпашы" – Жақып Ержігіт (8 "Ә")

<https://www.facebook.com/share/v/1E3hkd8QgL/?mibextid=wwXifr>



2025 жылдың 11 қараша күні мектебімізде полиция майоры, ювеналды полиция тобының инспекторы Д.Доскалиева және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мукашева 7–11 сынып қыздарына арналған кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты - жасөспірімдердің құқықтық сауатын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өзін-өзі қорғау мен тәртіпті болуға бағыттау.

<https://www.facebook.com/share/p/1MyrHRQzZ7/?mibextid=wwXlfr>



«Күз келбеті – шығармашылық шабытым» атты макет байқауы және «Күз табиғаты – қылқалам тілінде» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

Бұл байқаудың мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, күз мезгілінің сұлулығын көркемдік тұрғыда бейнелеу және эстетикалық талғамын арттыру.

Бірі табиғи материалдармен макет жасап, күзгі сиқырды бейнелесе, бірі бояу арқылы күздің жұмбақ әлемін қағаз бетіне түсірді.

Екі байқауда да оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, өз өнерлерін көрсете білді.

<https://www.facebook.com/share/v/171inF5MbM/?mibextid=wwXIfr>



“Арайлы Алтын күз – 2025”

Мектебімізде ағымдағы жылдың 12–14 қараша аралығында күздің алтын түстес шабытын арқалаған мерекелік кешіміз 5–11 сыныптар арасында күзгі көңіл-күй мен шабытқа толы ерекше шара ұйымдастырылды. Шараға қатысқан сыныптар жүлделі орындармен марапатталды. "Алтын күз – береке мен сұлулықтың нышаны!" деген ұранмен өткен іс-шарада түрлі көріністер, ән-билер мен сән көрсетілімдері ұйымдастырылып, күзгі шаттыққа толы сәттерге куә болдық. Әр сынып өзіндік идеясымен ерекшеленіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

<https://www.facebook.com/share/r/1Bq7B7nwfU/?mibextid=wwXIfr>



20 қараша – Дүниежүзілік балалар күніне орай бастауыш сыныптарда «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға балалардың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру;
- Бақытты балалық шақтың мәнін ұғындыру, әр баланың өмір сүруге, білім алуға, қорғалуға құқығы бар екенін жеткізу;

Оқушылар балалық шақтың маңызын, құқықтары мен міндеттерін танып, өз ойларын ашық жеткізе білді.

<https://www.facebook.com/share/r/1CwBkdJ7uq/?mibextid=wwXlfr>



20 қараша – Дүниежүзілік балалардың құқықтарын қорғау күніне орай мектебімізде «Құқықтық сауаттылық – жарқын болашақ негізі» атты сынып сағаттары өтті.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін кеңейту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Сынып сағаттары барысында балаларға бала құқықтары жөніндегі негізгі қағидалар түсіндіріліп, түрлі жағдаяттар талқыланды.

<https://www.facebook.com/share/r/1EM2vJGvvK/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылғы 22 қазанда өткен ведомствоаралық мемлекеттік комиссия отырысында бекітілген «Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесін 2025–2026 жылдарға дайындау туралы» хаттамасының 8-тармағына сәйкес, 2025 жылдың 19 қараша күні мектебімізде қысқы кезеңдегі қауіпсіздік ережелеріне (өрт қауіпсіздігі, мұз үстіндегі жүріс-тұрыс, аяз кезіндегі өзін-өзі ұстау және т.б.) байланысты сынып сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қыс мезгілінде өмір қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын меңгерту. Сынып сағаттары барысында оқушыларға тақырыптық бейнематериалдар көрсетіліп, қауіпсіздік талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/r/1G1QHFEDwN/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында “Гендерлік зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты мектепішілік іс-шара жоспары аясында 5-11 сыныптар арасында “Зорлық-зомбылық түрлері және алдын алу” тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың зорлық-зомбылықтың түрлері, белгілері және одан қорғану жолдары туралы түсінігін кеңейту, құқықтық сауаттылығын арттыру және қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру.


<https://www.facebook.com/share/r/1Bd3BX65iG/?mibextid=wwXlfr>



“Зорлық - зомбылықсыз 16 күн” атты мектепішілік іс-шара жоспары аясында 3-4 сыныптар арасында “Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!” атты флешмоб-байқау ұйымдастырылды. Байқауға белсене қатысқан сыныптар марапатталды.

Мақсаты: Оқушылардың бойында зорлық-зомбылыққа қарсы көзқарас қалыптастыру, бейбіт өмір мен мейірімділікке баулу.

<https://www.facebook.com/share/v/1D4seHFBMB/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 5 желтоқсан күні “Гендерлік зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты мектепшілік іс-шаралар жоспары аясында әлеуметтік педагог К.Уринбаева 6 “В” сынып оқушыларына “Мейірімге толы әлем” тақырыбында тренинг-сабақ өткізді.

Мақсаты:

- Оқушылардың бір-біріне деген сыйластық, мейірімділік, түсіністік сезімдерін арттыру;
- Зорлық-зомбылықтың алдын алу және достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Тренинг барысында оқушылар қызықты тапсырмалар орындап, пікір алмасып, достық, сенім, сыйластық сынды құндылықтарды талқылады.

<https://www.facebook.com/share/p/1BwHmBfkx/?mibextid=wwXIfr>



“Гендерлік зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты іс-шаралар жоспары аясында информатика пәні мұғалімдері Дюсупова А. және З.Ибрагимова 9 “В” сынып оқушыларына “Интернеттегі қауіпсіздік тақырыбында сабақ өткізді.

Сабақ барысында оқушыларға интернеттегі алаяқтық, жеке деректерді қорғау, кибербуллингтің алдын алу және цифрлық мәдениет туралы пайдалы мәліметтер ұсынылды.

<https://www.facebook.com/share/p/17tE8pUUFV/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 24-28 қараша күндері өткен “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” республикалық акциясы аясында 5–6 сынып оқушылары арасында “Қауіпсіз мектеп – бақытты бала!” атты сурет байқауы өтті. Байқауға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Байқаудың мақсаты: Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру, қауіпсіз мектеп ортасын насихаттау, балалардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісі мен азаматтық ұстанымын дамыту, сондай-ақ бейбітшілік пен мейірімділік құндылықтарын сурет арқылы жеткізуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/r/1CyigbaTCw/?mibextid=wwXIfr>



“Зорлық - зомбылықсыз 16 күн” атты мектепшілік жоспар аясында 2025 жылдың 25–29 қараша күндері 7–11 сынып оқушылары арасында «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын!» атты эссе байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты: Оқушылардың зорлық-зомбылыққа деген көзқарасын қалыптастыру; Адамгершілікке, мейірімділікке баулу; Жеке пікірін еркін, сауатты жеткізу қабілетін дамыту.

Қатысушылар белсенділік танытып, үздік жұмыстарымен көзге түсті. Жеңімпаздар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Arbc4xH2U/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында өткен “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” атты халықаралық акция аясында, 10 желтоқсан күні мектебімізде 5–9 сыныптар арасында сыныпаралық «Көңілді тапқырлар алаңы» атты жайдарман сайысы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: Оқушылардың ойлау, сөйлеу, сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін арттыра отырып, достыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, сондай-ақ қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы көзқарас қалыптастыру.

Шараға мектебіміздің мақтаныштары – 2012–2014 жылдар аралығында “ТЕМА” КВН командасының белсенді мүшелері болған Молдабаев Нұрдәулет Қанатұлы мен Молдакулов Қуандық Аманжолұлы арнайы қонақ ретінде қатысып, қатысушыларға сәттілік тілеп, әділ бағаларын берді. Ойын нәтижесінде: Барлық командалар өздерінің тапқырлығымен, шебер ойындарымен көзге түсіп, жүлделі орындар мен арнайы номинациялармен марапатталды. Бас жүлде – 7 “Б” сыныбының “Жайдарлы жастар” командасына бұйырды!

<https://www.facebook.com/share/v/1GvUWr1QqE/?mibextid=wwXifr>



2025 жылдың 1 желтоқсан күні мектебіміздің медбикесі Алипкалиева Гулфара Кадрғалиевна оқушыларға «Тұмаудан сақтан – өзінді қорған!» атты профилактикалық түсіндірме сағаты өтті.

Мақсаты: Тұмаудың жұғу жолдары мен алғашқы белгілерін түсіндіру;

Алдын алу шаралары мен жеке бас гигиенасының маңыздылығын түсіндіру;

Салауатты өмір салтын ұстануға және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

<https://www.facebook.com/share/p/1DH6QKHxzR/?mibextid=wwXIfr>



1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орай 8–11 сыныптар арасында «ЖИТС: Қауіп – қатер және қорғану жолдары» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты – оқушылардың ЖИТС туралы ғылыми түсінігін қалыптастыру, індеттің алдын алу жолдарын үйрету және салауатты өмір салтын насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/r/1BthRAKpAC/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 28 қараша күні АӘД пәні мұғалімі Кенжеғалиев Санат Менжановичтің ұйымдастыруымен мектеп ұжымына “Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері” тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Кездесу барысында: Экстремизм мен терроризм ұғымдарына түсінік берілді;

Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлер; Экстремизмнің түрлері мен таралу жолдары; Жастарды радикалды ағымдардан сақтау жолдары; Құқықтық сауаттылық пен бейбіт қоғам құндылығы туралы ақпараттар қамтылды.

Мақсаты: педагогтар мен қызметкерлердің діни, саяси және құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға үлес қосу.

<https://www.facebook.com/share/p/1ADri7NUn7/?mibextid=wwXIfR>



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылдың 21 ақпандағы №55 бұйрығына сәйкес, төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында оқу-жаттығу жиыны өтті. Аталған мектеп бойынша оқу-жаттығу кезінде 675 оқушы, 65 мұғалім, 20 техникалық қызметкер қатысты. Жаттығудың қорытындысы бойынша қатысушыларға мектептің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Кенжеғалиев Санат Менжанович төтенше жағдай туындағанда немесе өрт пайда бола қалған кезде қалай қимылдау қажеттігі туралы, өрт сөндіру құралын қалай қолдану керек екендігін, білім беру орындарында өртті болдырмау үшін өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптары түсіндірді.


<https://www.facebook.com/share/r/18G7f2bsaG/?mibextid=wwXIfR>



“Адал азамат” біртұтас тәрбие жоспары бойынша Қамқор жобасы аясында “Жақсылық жасау – жүректен!” атты игі істер байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан сыныптар марапатталды.


Байқаудың мақсаты: Оқушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық, еріктілік сезімдерін қалыптастыру, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.

<https://www.facebook.com/share/v/1DVVaVd26Z/?mibextid=wwXIfr>



2025 жылдың 10 желтоқсан күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау мақсатында бастауыш сыныптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін қалыптастыру. Іс-шара барысында оқушылар рәміздер тарихымен танысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

<https://www.facebook.com/share/r/17fipzBg6R/?mibextid=wwXIfr>



9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай іс-шаралар жоспарына сәйкес 5–11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

Сынып сағаттарының мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, адалдық пен әділдікке тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/r/1BiTh8tC7j/?mibextid=wwXlfr>



9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай 5–7 сынып оқушылары арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

- Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, әділдікке баулу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын бейнелеу арқылы жеткізу;
 - Шығармашылық ойлау мен азаматтық ұстанымды дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/1DKZApMWYM/?mibextid=wwXlfr>



16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай сынып сағаттары өтті.

Мақсаты – оқушыларды Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу жолындағы тарихи кезеңдермен таныстыру, ел тарихына деген қызығушылықтарын арттыру, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу және азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/r/1GboowuZiV/?mibextid=wwXlfr>



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елдің үні – жас ұрпақтың әуені» атты ән байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың өнерін насихаттау, Отанға деген сүйіспеншілігін ән арқылы жеткізу, патриоттық сезімді ояту.

Оқушылар жүрепкеп айтқан әндері арқылы тәуелсіз елдің үні мен болмысын шынайы жеткізді. Тыңдарманды тәнті еткен өнерпаздар дипломдармен, номинациялармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/r/1ZQKZ3AV1t/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 18 желтоқсан күні білім ордамызда қазақтың қоңыр үніне айналған, тұңғыш бард ақын, сазгер, орындаушы, ел азаматы Табылды Досымовтың шығармашылығына арналған рухани-танымдық кеш өтті. «Қара сөз бен қоңыр үннің иесі – Табылды» атты әдеби-сазды бағдарламада өнер иесінің өмір жолы, шығармашылығы мен азаматтық ұстанымы кеңінен таныстырылды.

Шараның бірінші бөлімі сахналық қойылыммен басталып, Табылды Досымовтың бала, жасөспірім және ересек шағы көркем бейнеленді. Оның күреспен шұғылданған спортшы кезеңі, желтоқсан оқиғасына қатысып, отаншыл рухымен көзге түскені, шығармашылықтағы алғашқы қадамдары мен елдікке сіңірген еңбегі көрермен жүрегіне әсерлі жеткізілді.

Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – Табылды Досымовтың тұңғыш қызы Ақбаян Табылдықызымен өткен сұхбат бөлімі болды. Бұл бөлімде Ақбаян ханым әкесінің адами болмысы, отбасы алдындағы рөлі, шығармашылық шабыт алатын сәттері туралы жылы естеліктерімен бөлісті. Әкесінің халыққа қалдырған мұрасы – тек ән емес, рух екенін айтты.

Бұл шара жас ұрпаққа үлгі боларлық тұлғаның болмысын тереңірек тануға мүмкіндік беріп, Табылды рухының биік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

<https://www.facebook.com/share/v/17vLDvRZJc/?mibextid=wwXifr>



Жаңа жыл мерекесіне орай мектебімізде «Қиялдағы қыс – макет әлемінде» атты шығармашылық макет байқауы және «Қыс келбеті – қиял әлемінде» атты сурет байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты: Оқушылардың қиялын дамыту, эстетикалық талғамын арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, қыс мезгілінің сұлулығы мен жаңа жыл мерекесінің ерекше атмосферасын өнер арқылы жеткізу.

<https://www.facebook.com/share/r/1N74FvfHYA/?mibextid=wwXIfr>



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп» айлығы басталды. Айлықтың ашылуында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Мукашева оқушылармен «Заң мен тәртіп – адал азаматтың таңдауы» тақырыбында түсіндірме әңгіме өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды құрметтеу, адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушылар заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызы, құқық пен міндеттің өзара байланысы туралы мағлұмат алып, өз ойларын ортаға салды. Айлық аясында түрлі тәрбиелік іс-шаралар, кездесулер мен танымдық жұмыстар өткізу жоспарлануда.

<https://www.facebook.com/share/p/1HTsEfJeLf/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 13 қаңтар күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өтіп жатқан «Заң мен тәртіп» айлығының іс-шара жоспарына сәйкес, Атырау қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Доскалиева Динара Борисовна 9-10 сынып оқушыларымен «Жасөспірім және заң» тақырыбында кездесу өткізді.

Кездесу барысында жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, заң алдындағы жауапкершілік, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/17sh1T4qFM/?mibextid=wwXIfr>



Мектебімізде «Заң мен тәртіп» айлығы аясында сынып сағаттары өтті.


Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру

Қазақстан Республикасының заңдарына құрметпен қарауға тәрбиелеу

Тәртіп сақтау мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру

Құқық бұзушылықтың алдын алу

<https://www.facebook.com/share/v/1BmJKuFAJe/?mibextid=wwXlfr>



Мектебімізде ағымдағы жылдың 14-15 қаңтар күні ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібі:

1. 2025 - 2026 оқу жылының I жарты жылдық қорытындысы, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында (оқу, тәрбие бойынша)

2. “Тәрбие және жауапкершілік”

3. “Қамқорлық” қайырымдылық акциясы (10 қаңтар - 10 ақпан аралығындағы республикалық қайырымдылық акциясы)

4. Ағымдағы мәселелер

<https://www.facebook.com/share/r/17tQxUJDmB/?mibextid=wwXlfr>




16.01.2026 жыл

Мектебімізде «Ұрпақтар сабақтастығы» атты мектеп түлектерімен кездесу кеші өтті.

Мақсаты: Мектеп түлектері мен қазіргі оқушылар арасындағы байланысты нығайту, түлектердің өмірлік тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік жасау, мектепке деген сағыныш пен құрметті арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1BRzKZpwAy/?mibextid=wwXIfr>



19.01 - 23.01.2026 ж Сынып сағаты

«ДОСБОЛІКЕ» жобасы аясында «Буллингтен қорған!» «Сен және мен – біз доспыз!»

«Өміршеңдік шығармашылықта туады»

10 минуттық қауіпсіздік сабақтары өтті.

Сабақ барысында оқушыларға қауіпсіз мінез-құлық, өзара сыйластық, достық құндылықтары мен жауапты таңдау жасау дағдылары түсіндірілді.

Мақсаты: Оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, достық қарым-қатынасты нығайту және буллингтің алдын алу.

<https://www.facebook.com/share/v/1864r5sZKm/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 22 қаңтар күні мектебімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, «Заң мен тәртіп» айлығы шеңберінде «Исатай жастары» дебат клубында «Заң бәріне ортақ» тақырыбында пікірталас өтті.

Мақсаты: Оқушыларға заңға құрметпен қарауды үйрету, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру және өз ойларын ашық жеткізе білу дағдыларын дамыту.

Балалар ойларын батыл жеткізіп, аргументтерін қорғады.

<https://www.facebook.com/share/p/1Jzc6fwF5N/?mibextid=wwXIf>



2026 жылдың 23 қаңтар күні мектебімізде “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, “Заң мен тәртіп” айлығы шеңберінде Атырау қалалық полиция басқармасының №2 полиция бөлімінің Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің ювеналды полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Тілекқабылова Наталья Жеңісқызы және Атырау қаласының прокуратурасы Қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің бөлім прокуроры Ханболатова Дамира Ерболатқызының қатысуымен 9–11 сынып оқушыларына арналған “Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу” тақырыбында кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты:

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіптің маңызын түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу және жауапты, тәртіпті азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

<https://www.facebook.com/share/r/1CRdRmaPuC/?mibextid=wwXlfr>



2026 жылдың 27 қаңтар күні “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң мен тәртіп» айлығы аясында мектебіміздің тарих пәні мұғалімі Өмірзақ Мәншүк Ақымқызы 9 «Ә» сынып оқушыларына «Құқықтық мәдениет және тәртіп» тақырыбында дәріс өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіптің маңызын ұғындыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы саналы, жауапкершілігі жоғары әрі адал азамат тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/16ypPZewr6/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 30 қаңтар күні «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп» айлығы барысында тарих пәні мұғалімі Жұмағалиева Нүргүл Танатарқызы 8 «Ә» сынып оқушыларына «Адам құқықтары мен бостандықтары» тақырыбында түсіндірме сабақ өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтарының мәнін түсіндіру, заңды құрметтеуге және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу.

Оқушылар құқықтар мен бостандықтар туралы маңызды мәліметтермен танысып, өз пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/18Dx6f7UxU/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 30 қаңтар күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп» айлығы бойынша мектебіміздің тарих пәні мұғалімі Амантурлиева Акмарал Насипкалиевна 9 «Б» сынып оқушыларына «Өз құқықтарыңды қалай қорғау керек?» тақырыбында түсіндірме сабақ өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын ұғындыру, құқықтық сауаттылықтарын арттыру және өз құқықтарын заң аясында дұрыс қорғауға тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар өз құқықтары мен міндеттері, заңды білу мен оны өмірде қолданудың маңыздылығы туралы құнды ақпарат алып, белсенді пікір алмасты.


<https://www.facebook.com/share/r/1BQ26fC4TQ/?mibextid=wwXIfr>



26.01-30.01.2026 ж.

СЫНЫП САҒАТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫ

<https://www.facebook.com/share/v/1AFC3rLDD4/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 28 қаңтар күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өтіп жатқан «Заң мен тәртіп» айлығының іс-шара жоспарына сәйкес, Атырау қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Доскалиева Динара Борисовна және Атырау облысы полиция Департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция майоры Ідірісов Айбол Қайратұлы 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасында есірткі заттарының зияны туралы түсінік қалыптастыру, оның алдын алу жолдарын түсіндіру, құқықтық жауапкершілікті ұғындыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Кездесу барысында нашақорлықтың адам денсаулығы мен қоғамға тигізетін зияны, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алуда саналы таңдау жасау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/r/1AfnNhva92/?mibextid=wwXIfr>



“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп» айлығы барысында оқушылар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушылардың заң мен тәртіпке деген көзқарасын қалыптастыру, азаматтық жауапкершілігін арттыру, адалдық пен әділдік құндылықтарын шығармашылық арқылы насихаттау. Байқау барысында оқушылар өз ойларын сурет арқылы бейнелеп, белсенділік танытты. Байқауға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BbX2SLqwB/?mibextid=wwXlfr>



2026 жылдың 10 қаңтар – 10 ақпан аралығында мектебімізде “Қамқорлық” акциясы аясында 30 қаңтар күні “Жақсылық жасау – жүректің ісі” атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

<https://www.facebook.com/share/r/1FAfUGq1Z6/?mibextid=wwXlfr>



Әр аптаның сейсенбі күні жаттығу жасалады.

Жаттығудың мақсаты:

Оқушылардың денсаулығын нығайту

Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Бұл күні бойы сергек әрі белсенді болуға көмектеседі.

Жаттығу 10-15 минут аралығында өткізіліп, қарапайым қимылдардан басталады.

<https://www.facebook.com/share/r/1DgyTjjkMi/?mibextid=wwXIfr>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ШОЛУ 26.01-30.01.2026 ж.

Мектебімізде білім алушылардың тұлғалық дамуына, адамгершілік құндылықтарды саналы түрде қабылдауына ықпал ететін «Құндылықтарға шолу» жобасы жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Осы аптада жоба аясында «Әділдік пен жауапкершілік» құндылығы басты назарға алынды. Сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралар барысында білім алушылар әділ шешім қабылдаудың, өз ісіне жауапкершілікпен қараудың, ортақ тәртіп пен өзара сыйластықты сақтаудың маңызын терең ұғынды.

<https://www.facebook.com/share/v/1HBqc1hgTr/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 10 қаңтар – 10 ақпан аралығында мектебімізде “Қамқорлық” акциясы аясында “Жақсылық жасау – жүректің ісі” атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкенің мақсаты – оқушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету.

Шара барысында оқушылар өз қолдарымен дайындаған тәттілерін ұсынып, игі іске белсене атсалысты. Жәрмеңкеге үлес қосқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/r/187561iR3Q/?mibextid=wwXIfr>



03.02.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде сергіту жаттығулары өткізіледі.

Жаттығудың мақсаты:

- Оқушылардың денсаулығын нығайту
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Жаттығу күні бойы сергек, белсенді және көтеріңкі көңіл күйде болуға көмектеседі.

Қозғалыс – өмір, денсаулық – байлық!

<https://www.facebook.com/share/r/14PJWuZtjL4/?mibextid=wwXIfr>



Мектебімізде 2–12 ақпан аралығында «Жүрек жылуы – тәрбиеде» атты сынып жетекшілер онкүндігі өтті.

Мақсаты: сынып жетекшілердің тәрбие жұмысындағы кәсіби тәжірибесін жетілдіру, озық іс-тәжірибені тарату, оқушы – ата-ана – мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.


Онкүндік аясында:

- тәрбие сағаттары мен интеллектуалды сайыстар;
- психологиялық тренингтер;
- танымдық іс-шаралар, кездесулер;
- шығармашылық және спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Іс-шаралар барысында тәрбиенің өзектілігі, рухани құндылықтарды қалыптастыру, бірлескен жұмыстың маңызы кеңінен насихатталды.

«Жүрек жылуы – тәрбиеде» онкүндігі ұстаздардың кәсіби шеберлігін арттырып, білім алушылардың тұлғалық дамуына оң ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/r/1GvUqXfadN/?mibextid=wwXlfr>



9 ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай оқушылар арасында «Поэзия падишасы – Мұқағали» атты көркем оқу байқауы (онлайн) ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты – оқушыларды ұлы ақынның шығармашылығымен терең таныстыру, көркем сөз оқу мәдениетін дамыту, өлеңді жүрекпен сезініп, мәнерлеп оқуға баулу. Жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру.

Байқауға белсене қатысып, ерекше шеберлік танытқан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/r/14VK7yyRvs8/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 13 ақпан күні №5 қалалық кітапханада қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, мәңгілік жырдың иесі Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Поэзия – рухани азық» атты әдеби поэзия кеші өткізілді.

Шараға мектебіміздің оқушылары қатысып, ақын жырларын жүрекпен жеткізіп, көрермен көңілін тербетті.

Кеш барысында поэзияға деген сүйіспеншілік, туған жерге, елге деген құрмет ерекше сезілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1Dh9NXB96Q/?mibextid=wwXIfr>



4 ақпан – Дүниежүзілік интернет күніне орай оқушылар арасында «Қауіпсіз интернет – қауіпсіз өмір» атты челлендж ұйымдастырылды.

Челлендждің мақсаты – оқушылардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру, цифрлық мәдениетті дамыту және саналы, жауапты адал азамат тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар:

- қауіпсіздік ережелері туралы бейнероликтер дайындады;
- пайдалы кеңестермен бөлісті;
- шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Байқауға белсенді қатысып, үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/18GkqufJiC/?mibextid=wwXIfr>



4 ақпан – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушылардың цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, интернеттегі қауіп-қатерлерді тануға үйрету, өз құқықтары мен міндеттерін білуге бағыттау, кибербуллинг пен жағымсыз жағдайларға дұрыс жауап беру мәдениетін дамыту, жеке деректер мен жеке шекараны қорғаудың маңызын түсіндіру, жасанды интеллектіні саналы әрі жауапты қолдануға тәрбиелеу.

Сынып сағаттары барысында оқушылар интернеттегі қауіпсіздік ережелерімен танысып, жасанды интеллект, құқықтары мен міндеттері, қауіпті селфи, кибербуллинг және жеке шекараны қорғау тақырыптары бойынша пайдалы ақпарат алды.

<https://www.facebook.com/share/r/1NoV4pWARk/?mibextid=wwXIfr>



10.02.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде сергіту жаттығулары өткізіледі.

<https://www.facebook.com/share/r/1Bqf6n79Db/?mibextid=wwXIf>



ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ШОЛУ 9.02-13.02.2026 ж.

<https://www.facebook.com/share/r/14TUzeUaiMZ/?mibextid=wwXIf>




2026 жылдың 11 ақпан күні мектебімізде «Лудомания – өмірге қауіп!» атты сынып сағаттары өтті.

Мақсаты:

- Оқушыларға лудоманияның (ойынқұмарлықтың) зияны туралы түсінік беру;
- Қауіпті жағдайларда жедел қызмет нөмірлерін білуге үйрету.


Сынып сағаты барысында оқушыларға лудоманияның (ойынқұмарлықтың) адам өміріне, психологиялық және әлеуметтік жағдайына тигізетін кері әсері туралы жан-жақты түсіндірілді. Құмар ойындарға тәуелділіктің салдары – уақытты бос өткізу, қаржылық шығын, отбасылық кикілжіңдер мен күйзеліс екені айтылып, одан сақтану жолдары талқыланды.

<https://www.facebook.com/share/r/185vbkJcDS/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 12 ақпан күні мектебіміздің психологтары А.Сарсенгужина және Э.Каресова 8 «Ә» сынып оқушыларына «Ойынқұмарлық – өмірге қауіп» тақырыбында тренинг өткізді. Шара барысында оқушылар ойынқұмарлықтың зияны туралы маңызды ақпарат алды және өз эмоцияларын басқару жолдарын үйренді.

<https://www.facebook.com/share/p/1G6pfQuQiP/?mibextid=wwXIfr>



Мектебіміздің кітапханашылары ұйымдастыруымен 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Шын жүректен кітап сыйла» атты оқушылар арасында тағылымды шара өтті.

Шараның мақсаты – кітап оқуды насихаттау, білімге деген сүйіспеншілікті ояту және кітап сыйлаудың ерекше маңызын көрсету.

Іс-шара барысында кітапханашы Лариса апай бұл ізгі мерекенің тұңғыш бастамашысы – АҚШ-тың Эмми Бродмур есімді азаматшасы екенін, сондай-ақ бұл бастаманың туындауына оның ұлдары себепші болғанын айтып өтті. Сонымен қатар, кітап сыйлау дәстүрі біздің тарихымызда да ежелден бар екеніне тоқталды.

Түркі халқының әйгілі ойшыл данасы Жүсіп Баласағұн өзінің Құтты білік атты даналық еңбегін Қарахандар әулетінің негізін қалаушы Сүлеймен Арсылан ханға тарту еткені айтылды. Сондай-ақ қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы құсни хатпен арнайы дәптерге көшірілген өлеңдерін ұзатылған қыздарының жасауына қосатыны да ерекше атап өтілді. Шара соңында оқушылар бір-біріне мерекеге орай кітап сыйлап, ізгі тілектерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/17wAA1aTNi/?mibextid=wwXIfr>



14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай 7 «А» сынып оқушылары «Шын жүректен кітап сыйла» атты игі шара ұйымдастырды. Оқушылар өздеріне сабақ беретін сүйікті ұстаздарына кітап сыйлап, рухани құндылықтарды дәріптеді. Бұл бастама кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, ұстазға деген құрмет пен алғыстың жарқын көрінісіне айналды.

<https://www.facebook.com/share/p/17HytVyazA/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 13 ақпан күні мектебімізде «Жәрдем – Атырау» корпоративтік қоғамдық қорының дінтанушы-педагог, исламтанушы Ермағамбетов Нариман Ғалламұлы 8-10 сынып оқушыларымен «Жастардың зайырлы қоғамдағы рөлі: төзімділік пен түсінік» тақырыбында кездесуді өткізді.

Оқушылар белсенділік танытып, өз сұрақтарын қойып, тақырып бойынша ойларын кеңейтті. Кездесу жастардың азаматтық мәдениеті мен өзара түсіністік дағдыларын дамытуға бағытталды.

<https://www.facebook.com/share/r/17ssEGWjaH/?mibextid=wwXIfr>



17.02.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде оқушыларға арналған сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CQHgJ88gz/?mibextid=wwXifr>



2026 жылдың 19 ақпанында 9–10 сынып оқушыларына прокуратура органдарының үйлестіруімен түсірілген «Закладчики... Мать» атты деректі фильм көрсетілді.

Фильмнің мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен есірткі қылмысының алдын алу, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1AhVBqmBq6/?mibextid=wwXifr>



2026 жылдың 20 ақпан күні мектебіміздің кітапханашылары мен тарих пәні мұғалімдері Жумагулов Д. және Серік М. бірлесе отырып, 3–4 сынып оқушыларына арналған «Құқық пен міндеттің айырмашылығы» атты дәріс сағатын өткізді.

Дәріс барысында оқушылар кітапхана қорына биылғы оқу жылында келіп түскен Балаларға Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы (авторы: Оспанова Б.А.) оқу құралымен таныстырылды. Аталған кітап бастауыш білім беру деңгейінің 3–4 сынып оқушыларына арналып, еліміздің басты заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы түсінікті тілде мәлімет береді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Конституцияның еліміздің негізгі заңы екенін түсіндіру. Ол әр адамның құқығын қорғап, қоғамда бейбіт өмір сүруіне кепілдік беретіні, сондай-ақ әр азаматтың тек құқықтары ғана емес, міндеттері де болатынын ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1Cn8eGSz8B/?mibextid=wwXifr>



Мектебімізде 1–11 сыныптар арасында қауіпсіздік тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

1–4 сыныптар – «Мен сақ болсам – бәрі қауіпсіз!»

5–8 сыныптар – жол қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек

9–11 сыныптар – құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік.

Мақсаты: оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру және құқықтық сауаттылығын арттыру.

Қауіпсіздік сабағы аясында оқушыларға төтенше жағдайда әрекет ету, жедел қызметтерге қоңырау шалу, мектеп пен көшедегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/r/1GMcmaxLNn/?mibextid=wwXIf>



24.02.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде оқушыларға арналған сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1EYY9w9XFL/?mibextid=wwXIf>



Мектебімізде «Жақсылық жасап жарысайық» атты игі бастама бастау алды.

Акцияның мақсаты – оқушыларды мейірімділікке, қамқорлыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу.

Бүгінгі күні оқушылар мен ұстаздар белсенді қатысып, түрлі әлеуметтік және қоғамдық пайдалы істер атқаруда.

Ізгі істер жасау арқылы балалардың жауапкершілігі, адамгершілік қасиеті және қоғамға деген қатынасы арта түсуде. Әр оқушының кішкентай көмегі – үлкен жақсылықтың бастауы!

<https://www.facebook.com/share/v/17Gtn5BLKj/?mibextid=wwXIfr>



1 наурыз – Алғыс айту күніне орай сыныптар арасында «Алғысым шексіз!» құттықтау челленджі ұйымдастырылды.

Челлендж мақсаты:

- Бір-бірімізге ризашылық білдіру;
- Мектепте сыйластық пен татулықты нығайту;
- Жылы сөз арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау.

<https://www.facebook.com/share/r/1HkWWvbEuw/?mibextid=wwXIfr>



Қазақ халқының ұлы ақыны, жырау, айтыс өнерінің дүлдүлі Жамбыл Жабаев туғанына 180 жылуына орай 6 “Г” сыныбында сынып сағаты өтті.

Сынып сағатының мақсаты:

- Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеу;

- Оның елге, жерге деген махаббатын жырлаған өлеңдерін таныстыру;
- Батырлық рухтағы шығармалары арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру;
- Поэзияға деген қызығушылықты дамыту.

Сынып сағатында оқушылар Жамбыл атамыздың өнегелі өмір жолымен танысып, оның халық мұрасын дәріптеген жырларынан үзінділер оқыды. Ақын шығармаларындағы ел бірлігі, ерлік, адамгершілік тақырыптары кеңінен талқыланды.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік сабақтары ұйымдастырылды. Сабақ барысында интернеттегі қауіп-қатерлер, виртуалды достардан болатын қауіптер және жеке мәліметтерді қорғау жолдары түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/r/14fY2hjYUmD/?mibextid=wwXlfr>



03.03.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде оқушыларға арналған сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/r/16StoQ7apv/?mibextid=wwXlfr>



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде «Ананың аялы алақаны» атты челленджі ұйымдастырылды.


Челлендждің мақсаты:

Анаға деген шексіз құрмет пен алғыс сезімін білдіру;

Әйел-ана бейнесінің мейірімі мен жылуын дәріптеу;

Отбасылық құндылықтарды насихаттап, ананың аялы алақанының қадірін ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/r/18Befh7AZZ/?mibextid=wwXlfr>



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушылардың анаға, әжеге және әйел затына деген құрмет сезімін қалыптастыру;

Әйел-ана бейнесінің мейірімі мен қадір-қасиетін дәріптеу;
Оқушыларды сыйластыққа, ізгілікке және отбасылық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/r/1FPwGXGbME/?mibextid=wwXIfr>



8 наурыз – Нәзікжандылар мерекесіне орай мектебімізде 5-сынып қыздары арасында спорттық эстафета ұйымдастырылды.

Эстафетаға 5 “Б”, 5 “В”, 5 “Г” сыныптарының қыздары қатысып, өздерінің шапшаңдығы мен ептілігін көрсетіп, белсенділік танытты.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын – 5 “Г” сыныбы

II орын – 5 “Б” сыныбы

III орын – 5 “В” сыныбы

<https://www.facebook.com/share/v/1DDPLdQmue/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 6 наурыз күні мереке қарсаңында мектебіміздің белсенді оқушылары нәзікжандыларды ерекше ілтипатпен күтіп алып, жылы лебіздері мен қошеметтерін көрсетті.

Оқушылардың шынайы ықыласы мен құрметі ұстаздар мен мектептің аруларының көңіл-күйін көтеріп, білім ордамызға мерекелік шаттық пен жылулық әкелді.

<https://www.facebook.com/share/v/18A2jDu5cf/?mibextid=wwXIfr>



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде “Өзін-өзі басқару” ұйымының белсенді оқушыларының ұйымдастыруымен “Асыл жандарға арнау” атты мерекелік кеш өтті.

Кеш барысында оқушылар аналар мен ұстаздарға арнап әсем әндер шырқап, би билеп, жүрекжарды өлеңдерін оқыды. Мерекелік кеш нәзікжандыларға ерекше көңіл-күй сыйлап, олардың еңбегі мен мейіріміне деген құрметтің айқын көрінісіне айналды.

<https://www.facebook.com/share/v/17QyiV3z9a/?mibextid=wwXIfr>



10.03.2026 ж.

Жаттығу – денсаулық кепілі!

Әр аптаның сейсенбі күні мектебімізде оқушыларға арналған сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1MxjBsLzAu/?mibextid=wwXIfr>



Мектебімізде “Құқық пен міндет: жасөспірім нені білу керек?” тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты – оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, заңды құрметтеуге және жауапкершілікке тәрбиелеу. Сынып сағатында оқушылар құқықтық сауаттылықтарын арттырып, өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты.

<https://www.facebook.com/share/p/18KTas2HxC/?mibextid=wwXIfr>



2026 жылдың 12 наурыз күні мектебіміздің кітапханашыларының ұйымдастыруымен 4–8 сынып оқушыларының қатысуымен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Наурыз – Думан» атты мерекелік кеш өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Наурыз мейрамының мән-маңызын түсіндіру, қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттап, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Кеш барысында Наурыздың табиғат пен адамның жаңаруын білдіретін ерекше мереке екені, 22 наурыз күні күн мен түн теңесіп, жаңа жылдың басталатыны туралы мәліметтер айтылды.

Мерекелік кеште оқушылар ән айтып, би билеп, түрлі ұлттық ойындар ойнады. Сонымен қатар қазақтың әдемі дәстүрлері «Ұйқыашар», «Селтеткізер» таныстырылып, «Арқан тартыс», «Пазл» ойындары ұйымдастырылды.

Кеш соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлфани Шакуовна мен кеш қонағы №5 қалалық кітапхана бөлімінің меңгерушісі Гүлбаршын Жәденқызы сөз сөйлеп, мерекелік кешке өз тілектерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1HbhbdgzmS/?mibextid=wwXIfr>



14 наурыз - Амал мерекесіне орай

7 “В” сыныбының жетекшісі Абуева Гүлайна Қобланқызы оқушыларымен бірге мектеп ұжымын және ата-аналарды жылы қарсы алып, баршаға көтеріңкі көңіл-күй мен мерекелік шаттық сыйлады. Оқушылардың шынайы ықыласы мен ақжарма тілектері мерекелік көңіл-күйді еселеп, ерекше атмосфера қалыптастырды.

<https://www.facebook.com/share/r/1DrAca7VEn/?mibextid=wwXIfr>



14 наурыз – Көрісу күніне орай 2 “Б”, 3 “Ә” сынып оқушылары арасында тағылымды іс-шаралар өтті.

Оқушылар бір-бірімен көрісіп, ақжарма тілектерін айтып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетті. Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттаған бұл күн оқушыларға мейірімділік пен сыйластықтың маңызын түсіндірді.

<https://www.facebook.com/share/v/18YQzUK1Q9/?mibextid=wwXIfr>



16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

Мектебімізде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен салт-дәстүрлерімізді ұлықтау мақсатында түрлі тәрбие сағаттары өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1JAU5BgSfU/?mibextid=wwXlfr>



Мектебімізде «Наурызнама» онкүндігінің «Шабыт» жобасы аясында «Күй күмбірі» республикалық челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты – оқушыларға халқымыздың ұлттық өнерін дәріптеу, күй өнерінің құдіретін насихаттау, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында ұлттық мәдениетке деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Челлендж барысында оқушылар домбырамен қазақтың халық күйлерін орындап, ұлттық өнерімізді кеңінен насихаттады. Күйдің күмбірлеген үні арқылы ата-бабамыздың рухани мұрасы дәріптелді.

<https://www.facebook.com/share/r/1Aq4KaGWfm/?mibextid=wwXlfr>



17 наурыз – Шаңырақ күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға отбасы құндылықтарын насихаттау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу және ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/r/1JXr1foHbX/?mibextid=wwXifr>




18 наурыз – Ұлттық киім күні

Ұлттық киім күніне орай ұйымдастырылған челленднге оқушылар белсене қатысып, халқымыздың бай мұрасы – ұлттық киімдерді насихаттауға өз үлестерін қосты.

Ұлттық киім – ата-бабамыздан қалған асыл қазына, мәдениетіміздің айнасы. Осындай іс-шаралар арқылы өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметі артып, рухани тәрбиесі нығая түседі.

<https://www.facebook.com/share/r/1Fb4GgBQgq/?mibextid=wwXifr>



17 наурыз – Шаңырақ күніне орай мектебімізде «Шаңырақ шуағы – ардақты ана» атты көпбалалы, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге:

- Айсина Жанат Казимовна – «Күміс алқа» иегері;
- Умарова Жанаргүл Бисенбаевна – «Күміс алқа» иегері;
- Әмірхан Гүлсім – «Алтын алқа» иегері қатысты.

Іс-шараның мақсаты:

- Оқушыларға отбасы құндылықтарын түсіндіру;
- Көпбалалы аналардың өмірлік тәжірибесін үлгі ету;
- Анаға деген құрмет пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Кездесу барысында аналар өз өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларға отбасы құндылығы, тәрбие, мейірімділік туралы әсерлі әңгімелер айтты.

Осындай кездесулер жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыра түсетіні анық.

<https://www.facebook.com/share/r/1Gft3Wj8qF/?mibextid=wwXifr>



20-НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ» КҮНІ

Дәстүрлі құндылықтарымыздың бірі және бірегейі - ұлттық спорт ойындарымыз. Зерттеулерге сүйенсек, көшпелі қазақ халқының дәстүрлі ұлттық спорт түрлерінің қоржынында 150-ге жақын ойындар бар екен. Ата-бабамыз ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығымыз бүгінде өз жалғасын табуда.

"Наурызанама" тұжырымдамасының 20 наурыз – «Ұлттық спорт» күні аясында «Арқан тартыс», "Асық ату" түрлері бойынша "Ұлттық ойындар - рухани байлығымыз" тақырыбында ұлттық ойындарымыз ойнатылды.

Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, ойнату арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ата бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойындар екендігін біліп жүруге үйрету және салауатты өмір салтын насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/r/1ERVGNKsLw/?mibextid=wwXlfr>



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай мектебімізде «Қош келдің, әз Наурыз!» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Тәрбие сағаттарында оқушыларға Наурыз мейрамының мәні мен маңызы түсіндіріліп, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар насихатталды. Оқушылар ұлттық ойындар ойнап, өлең-жыр айтып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау, оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру және Наурыз мейрамының тәрбиелік мәнін түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/r/19J5kKM1Ak/?mibextid=wwXlfr>



2026 жылдың 18 наурыз күні жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Доскалиева Динара Борисовна оқушылармен кездесу өткізіп, «Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік және құқықтық жауапкершілік» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында оқушыларға көктемгі демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, құқықтық жауапкершілік туралы маңызды мәліметтер беріліп, түрлі жағдаяттар бойынша кеңестер айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bn7ShCwHx/?mibextid=wwXlfr>



Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Мақсаты – демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, түрлі қауіп-қатердің алдын алу.

Оқушыларға көшеде, жолда, қоғамдық орындарда, су айдындарының маңында қауіпсіздік сақтау, сондай-ақ бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде сақ болу қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі мен интернетті дұрыс пайдалану туралы да маңызды ақпараттар берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BvRAq9CPb/?mibextid=wwXlfr>

